

"1996 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 сәуірдегі N 2959 Жарлығын жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 3 мамыр N 554

"1996 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 сәуірдегі N 2959 U962959_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі:

тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттарды қоныстандыруды белгіленген квота шегінде ұйымдастырсын;

босқын-репатрианттарды қоныстандыруға, жайғастыруға, тұрғын үй сатып алуға және салуға арналған қаржыда көзделген Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорынан қаражатты уақтылы бөлсін;

көшіп келушілер отбасыларының еңбекке жарамды ересек мүшелерін олардың біліктілігі мен мамандығына сәйкес еңбекке орналастыру жөнінде, сондай-ақ қажетті кәсіптерге даярлау және қайта даярлау жөнінде шаралар қабылдасын;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен жергілікті атқарушы органдарының босқын-репатрианттардың, көшіп-қонуы мен жайғастырылуын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстарын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігіне бір ай мерзім ішінде босқын-репатрианттарды жинақы қоныстандыру үшін аудандардың, елді мекендердің, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан, туыстық және шаруашылық-өндірістік байланыстары ескеріліп, олар жұмысқа орналасатын кәсіпорындардың, ұйымдар мен шаруашылықтардың тізбесін ұсынсын;

аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларына сәйкес босқын-репатрианттарды қабылдау мен жайғастыруды қамтамасыз етсін және тұрғын үйлер салу мен шаруашылық қызметі үшін белгіленген тәртіппен жер бөлсін;

босқын-репатрианттар отбасыларын қоныстандыруды, қабылдауды, жайғастыруды және бейімделуді ұйымдастыруға Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің мемлекеттік қорынан бөлінген қаражатты қатаң мақсатты пайдалануды қамтамасыз етсін;

босқын-репатрианттар отбасыларына тұрғын үй, отын, электр энергиясы, коммуналдық және басқа қызмет көрсету төлемдері жөнінде халықтың тиісті санаттары үшін көзделген Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жеңілдіктерді қолдансын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Еңбек министрлігімен

бірлесіп:

шетел мемлекеттерінің тиісті министрліктерімен және ведомстволарымен тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген отандастардың мүліктік және азаматтық құқықтарын қорғау жөніндегі мәселелерді пысықтасын;

босқын-репатрианттардың кетуіне және транзиттік жүруіне тиісті елдер арқылы өту кезінде оларға көмек көрсету жөнінде тілек білдіре отырып, мемлекеттер үкіметтеріне дипломатиялық арналар бойынша өтініш жасасын;

еңбек шарттары бойынша және Қазақстан Республикасының азаматтығын алуға тілек білдірген, Қазақстанға 1991-1994 жылдары келген, ұлты қазақ адамдардың Монғолияның азаматтығынан шығуын жеңілдету жөнінде - Монғолияның;

Қазақстан аумағына мүліктерін әкету, жекеменшік малдарын тиеп әкелу мен айдап әкелу, жекеменшік және жекешелендірілген тұрғын үйлерін сату және айырбастау, кеден бақылауынан өту тәртібі туралы мәселелерді - Түркменстан мен Өзбекстан Республикасының үкімет органдарымен пысықтасын.

4. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі, "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігімен бірлесіп кететін мемлекет аумағынан қоныстану пунктіне дейін адамдар мен олардың үй мүліктерін тасу тәртібін айқындасын.

5. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті қажет болған жағдайда қосымша уақытша кеден постарын ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті қажет болған жағдайда ТМД-ға кірмейтін мемлекеттерден келген босқын-репатрианттарды шекаралық ресімдеу үшін уақытша бақылау-өткізу пункттерін ұйымдастырсын.

7. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

босқын-репатрианттардың Қазақстан аумағы бойынша жүру жолында және қоныстанған жерлерде жеке бастары мен мүліктерінің қауіпсіздігін;

келген босқын-репатрианттарды дер кезінде тіркеу мен тұруға және республика аумағы бойынша орын ауыстыруға арналған құжаттарын ресімдеуді;

тұрақты тұруға рұқсат алған, "Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға тілек білдірген адамдардың қажетті құжаттарын ресімдеуді қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық министрлігі:

республикаға келген босқын-репатрианттарға тегін медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырсын;

босқын-репатрианттардың емдеу-профилактикалық көмекті пайдалану тәртібін айқындасын;

тілек білдірушілерді санаториялық-курорттық емдеумен республика азаматтарымен

бірдей негізде қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі шет елде алған білімдері туралы құжаттарды, олардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкестігін ескеріп, тең дәрежеде деп тануды қамтамасыз етсін. Қажет болған жағдайда оларды кәсіптік оқу орындарында өтпелі оқу жоспарлары бойынша және қысқа мерзімді қосымша оқытуды ұйымдастырсын.

Босқын-репатрианттардың балаларын жергілікті бюджетте тұратын білім мекемелерінде тегін оқыту мен тәрбиелеуді, сондай-ақ ересек халықты қажет болған жағдайда қосымша кластар мен мектептер аша отырып, сауаттылыққа, қазіргі қазақ алфавитіне оқытуды ұйымдастырсын.

10. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ТМД мемлекеттерінен және Монғолиядан олардың қоныстану жерлеріне дейін көшіп келетін босқын-репатрианттардың жекеменшік малдарын айдап әкелуде, тасымалдау мен мал дәрігерлік бақылауды ұйымдастыруда көмек көрсетсін.

11. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау

министрлігі әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде Қазақстанға тұрақты тұруға келген босқын-репатрианттарға Қазақстан Республикасының заңдарына, сондай-ақ халықаралық келісімдерге сәйкес зейнетақылар мен жәрдемақылар белгілеу мәселелерін шешсін.

12. Қазақстан Республикасының Еңбек министрлігі 1997 жылдың қаңтарында Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалуы туралы ақпарат ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі